

Дәріс №3. Қазақ тілін оқытудың қағидалары

Жоспар:

- 1. Педагогиканың жалпы дидактикалық қағидаларына сипаттама**
- 2. Қазақ тілі әдістемесіне тән жеке қағидалар**
- 3. Жеке ғалымдардың тіл салаларын оқытуға байланысты шығарғын қағидалары**

Тірек сөздер: дидактикалық қағидалар (принциптер), ұстанымдар, қатысымдық қызмет, эстетикалық қызмет.

Қазақ тілінің әдістемесі – лингводидактиканың бір саласы ретінде педагогикалық ілімнің жалпыдидактикалық принциптеріне сүйенеді. Дидактикада белгіленген осы оқу принциптерінің негізгі ұлттық мектептерде қазақ тілі пәнін оқытуда негізгі тұтқа болып табылады. Қазақ тілін оқытудың принциптерін шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады. 1) жалпыдидактикалық принциптер; 2) қазақ тілі ерекшеліктеріне байланысты тіл әдістемесіне тән жеке принциптер. Жалпыдидактикалық принциптер барлық пәндерді оқытуда қолданылатын жалпы оқу негіздері болса, жеке принциптерге тілдің ерекшеліктеріне байланысты өзіне ғана лайық, яғни оқытудың коммуникативтілік, ана тілі ерекшелігін ескеру және жаттығудың басым болу принципі оқу негізінде жатады.

Қазақ тілі әдістемесінің қағидалары – оқыту құралдарын, әдістерін, тәсілдерін таңдауды наықтайтын негізгі теориялық жағдайлар. Бұлар – дидактиканың қағидалары болғандықтан, қазақ тілін оқытуға сәйкестендіріп, әдістемелік тұрғыдан интерпретацияланады: оқытудың тәрбиелік қағидасы (әл-Фарабидің қанатты сөзі: «Тәрибесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»), ғылымилық қағидасы (ғылым – қоршаған дүниені танудың көзі), оқытудың жүйелігі қағидасы (тілдің барлық тарауларын, тілдің барлық деңгейлерін оқып үйрену бір-бірімен байланыста жүреді), тиянақтылық (прочность) қағидасы, қолжетімділік қағидасы, көрнекілік қағидасы, оқытудың саналылық пен белсенділік қағидасы, оқытудың жекелендіру (жеке тұлғаға бағытталу) қағидасы, теория мен практиканың байланысы қағидасы. Бұл қағидалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталуға болады. Қазақ тілін оқытудың қағидаларына бұған қоса кейбір ғалымдардың өздерінің шығарған қағидалары да бар, мысалы, тілдің грамматикалық және лексикалық мағыналарын түсіну қағидасы, тіл мәнерлігін бағалау қағидасы, ауызекі сөйлеудің жазбаша тілді меңгеруден бұрын тұру қағидасы және т.б. Тілдің қоғамның әр түрлі әлеуметтік ортасындағы қызметіне байланысты: қатысымдық қызметі, эстетикалық қызметін де қағидалар қатарына қосуға болады. Қазақ тілін оқытудың қағидалары мәселесі ізденіс пен шешу үдерісінде.

Сұрақтар:

1. Жалпы дидактикалық қағидалар мен қазақ тілінің оқыту қағидаларының ара қатынасын қалай түсінесіз?

2. Қазақ тілінің қағидаларының әрқайсысына жеке-жеке сипаттама беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2007, 326б.
2. Жанпеисова М. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы; Мектеп, 2005.-160б.
3. Оразбаева Б. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі.-Алматы, 2000.